

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО дейінгі білім беру факультеті
шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы
филол.ғ.к., доцент М.П. Ешимов,
adai75@mail.ru
аға оқытушы Сандуғаш Нұртілеуова
sandu_210380@mail.ru*

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРГЕ А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ

ОБУЧЕНИЕ ИНОСТРАННЫМ СТУДЕНТАМ ТВОРЧЕСТВО А. БАЙТҰРСУНОВА

EDUCATING TO FOREIGN STUDENTS IS WORK Of A. BAITURSYNOV

Түйін

Мақалада шетелдік студенттерге қазақтың ұлы ағартушысы, ірі ғалым-лингвист, түріктанушы, ақын, аудармашы, әдебиет жинаушы, зерттеуші А. Байтұрсынұлының шығармаларын оқыту туралы қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются методы работы с произведениями великого просветителя казахского народа, крупного ученого лингвиста, тюрколога, поэта, переводчика, литературоведа и исследователя А. Байтұрсынова в иностранной аудитории.

Resume

This article discusses how to work with the art pieces of the great educator of Kazakh people, famous scientist, linguist, turkologist, poet, translator, literary critic and researcher A. Baitursynov in a foreign audience.

Шетелдік дәрісханада студенттерге «Қазақ әдебиеті» пәні қазақ халқының ауыз әдебиетінің түрлері, жанр үлгілері, қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары ақын-жазушылар, олардың шығармашылығымен таныстыру мақсатында оқытылады. Сол ірі тұлғалардың бірі Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын оқыту маңызды орын алады. Шетелдік студенттерге арнап факультеттің білікті мамандары, доценттер Г.Ә. Мұсаева мен М.П. Ешимов жазған «Қазақ әдебиетімен танысайық!» атты оқу құралында сабақ жоспарына сай «Ахмет Байтұрсынов», «Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы», «Ахмет Байтұрсынов – ғалым» атты үш үлкен тақырып берілген. Осы тақырыптар ең алдымен студенттерге қысқаша жоспарлау арқылы түсіндіріліп беріледі. Мысалыға алатын болсақ, олар мынадай тақырыптарды қамтиды: А. Байтұрсыновтың өмірі, оқуы, еңбек

жолы. Әртүрлі жылдары атқарған қызметтері. Шығармашылық жолы. Шығармаларының жанры. «Маса» өлеңдер жинағы. Тақырыбы, мазмұны. А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың шығармаларын, И.А. Крылов мысалдарын қазақ тіліне аударуы. Өзінің жазған «Қасқыр мен тырна», «Ала қойлар», «Қасқыр мен қозы» т.б. мысалдары. Оның тақырыбы, мазмұны. 1907, 1909 жылдары түрмеде отыруы, қуғын-сүргінге ұшырауы. А. Байтұрсынов – ғалым. «Тіл – құрал», «Тіл жұмсар» атты еңбектері. Қазақ тіл білімі туралы жазған еңбектері. Оның тіл біліміндегі алатын орны. А. Байтұрсыновтың қазақ әдебиетін зерттеуі. Сонымен бірге өмірінің соңғы жылдарымен таныстырып, бір жүйеге салып түсіндіру тиімді болып табылады. Себебі шетелдік студенттерге көлемді және қандай да бір ақын немесе жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы мәтіндерді оқитын кезде кішкене тақырыпшаларға бөліп алып оқыту тиімдірек болып саналады. Себебі тіл үйренуші өзіне қажетті ақпаратты түсініп, жадында сақтай алады. Ал жалғастырушы топтарда көлемді мәтіндер мен күрделі сөз орамдары кездесе береді. Дегенмен тіл үйренушілердің деңгейін де естен шығармаған абзал.

Шетелдік студенттерді А. Байтұрсыновтың шығармашылығымен таныстырмас бұрын, жазушының өмірі, еңбек жолы және шығармашылығымен қысқаша таныстырып өткен жөн. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлы ағартушысы, ірі ғалым-лингвист, түріктанушы, ақын, аудармашы, әдебиет зерттеушісі, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Халыққа білім берудің жолдарын, қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелерін зерттеу мүмкіндіктерін қарастырады. Көп кітаптар оқиды, өз бетімен ізденеді. Әдебиетпен айналысады, өлең-жырларын жазады, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинайды, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлейді. Өзінің білімімен, ақыл-парасатымен ел аузына іліге бастайды. Бостандық аңсаған, күреске үндеген өлеңдер жазады.

«Қазақ» газетінің редакторы бола жүріп, кең ауқымды әлеуметтік істер атқарады. Газет бетінде халық өмірінің аса күрделі мәселелерін көтереді. Елді оқу-білімге, ілгері ұмтылуға шақырады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қоғамдық өмірге белсене араласқан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жұртының тәуелсіз мемлекетін құруды мақсат еткен Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі болады. Кейінірек Қазақстанның тұңғыш халық ағарту министрі, Қазақстан академиялық орталығының жетекшісі, Алматыдағы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарады.

Әдебиетші Ахмет Байтұрсынов мұрасының маңызды бір саласы – оның ел аузынан жинап, жүйелеп, баспа бетінде жариялаған ауыз әдебиеті нұсқалары. Атап айтқанда, Ахмет жинаған фольклорлық үлгілер негізінде Мәскеу қаласында 1923 жылы «Ер Сайын» жыры, 1926 жылы «23 жоқтау» кітаптары жарық көрді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің ұлы түрлендіруші-реформаторы, теоретигі әрі қазақ тілі білімі саласына орасан зор еңбек сіңірген көрнекті ғалым болды. Ол араб әріптерінің негізінде төте

жазу үлгісін, яғни қазақтың төл әліпбиін жасады. Өзінің «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) тәрізді кітаптарында қазақ тілінің ғылыми, теориялық және әдістемелік мәселелерін кеңінен талдап берді. Қазақ тіл білімінде терминдер жүйесін қалыптастырды. Қазақ тілі грамматикасындағы ұғымдар мен категорияларға жаңаша әрі дәл анықтамалар берді. Міне, осы сынды мәліметтер шетелдік студенттерге А. Байтұрсынов туралы оқытылатын мәтіндерде кездеседі. Шетелдік студент оқып отырған авторының кім екендігін, оның қазақ әдебиетінде алатын орны, өз халқы үшін сіңірген еңбегі, шығармаларының тақырыбы мен идеясы туралы білуі әрі меңгеруі міндетті. Сол себепті де жоғарыда келтірілген үзінділердегі сияқты мәліметтер беріліп отырылады.

Шетелдік аудиторияда Алаш азаматы, ағартушы, ғалым-лингвист, әдебиет зерттеушісі, түркітанушы А. Байтұрсынов туралы оқытқанда, біріншіден, А. Байтұрсыновтың өміріне тоқталып, онымен тереңірек таныстырамыз. Өмірі туралы жазылған мәтінді оқымас бұрын, міндетті түрде мәтінде кездесетін жаңа сөздермен жұмыс істеп, сөйлемдер құрастырып, сонымен қатар етістіктердің өзінің алдында келетін сөздердің қандай септіктегі сөздерді меңгеретіндігін мысалдар арқылы көрсетіп (немесе модель арқылы беру), соған байланысты сөйлемдер құрастырып берулерін талап ететін жаттығу түрлері орындалады. Бір сөзбен айтқанда, мәтін алды тапсырмалары бойынша жұмыс жүргізіледі. Осындай сатылардан өткеннен кейін ғана мәтін оқытылады. Мұндай тапсырмалар студенттердің өз жеке сөздігін құрастыруға және де мәтінді кедергісіз әрі оңай оқып түсінуге мүмкіндік туғызады. Бастауыш топта А. Байтұрсыновтың өмірі туралы жазылған мәтін көлемі шағын және онда кездесетін жаңа сөздер өмірге бейімделіп берілген түрде болады. Ал жалғастырушы топтарда мәтін көлемі көлемдірек, сонымен қоса берілген мәтінге тәуелді болып қалмай, қосымша материалдар да әзірлеп беріп отырған жөн. Әрине, біріншіден, тіл үйренушілердің мәтінді қалай қабылдайтынын ескерген дұрыс.


Әдебиет сабағында ең басты міндет – ақын-жазушылардың өмірі мен шығармаларын, көркем шығарманы оқытып үйрету болып табылады. А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармаларына негізделіп құрастырылған мәтіндерді тіл үйренушілерге оқытуда, біріншіден, студенттің фонетикасымен, оқу манерімен, екіншіден, мәтіндегі сөздер мен сөз орамдарын қабылдап түсінуімен, үшіншіден, беріліп отырған шығарманың идеясы және онда автордың не айтқысы келгендігі сынды мәселелермен жұмыс жүргізу керек. Мысалыға, «А. Байтұрсынов – ғалым» деген тақырыпты оқытуда Ахметтің ғалым ретінде жазған еңбектері мен атқарған жұмыстары туралы мәліметтерді түсіндіріп беру қажет. Әрбір оқытушы шетелдік студенттің аталмыш тақырыпты қаншалықты дәрежеде түсінгендігін тексеруі тиіс. Ол үшін мәтінді мағыналы бөліктерге бөліп, әрбір бөлікке ат қойыңыз; мәтінге жоспар құрыңыз; мәтін бойынша сұрақтар жазыңыз секілді тапсырмалар қамтылғаны дұрыс. Сонымен қоса мәтінді бөліктерге және рөлге бөліп оқыту мәтінді қабылдаудағы тиімді әдістердің

бірі болып табылады. Мәтінді оқыту тек қана жаңа сөздермен таныстыру ғана емес, сонымен бірге шетелдік студенттің сөздік қоры мен ауызекі сөйлеу тілін де дамыту болып табылады. А. Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы оқығанда жоғарыда келтірілген тапсырма түрлерімен бірге *Келісесіз бе? Сіз қалай ойлайсыз? Сөздердің мағынасын түсіндіріңіз* сынды тапсырмалар да беріледі. Мұндай тапсырмалар студенттің өз ойын айтуға, айтар ойының себебін түсіндіруге, пікірсайысқа түсуге итермелейді және сөйлеу тілін дамытады.

Шетелдік студенттерге А. Байтұрсынов туралы тақырыпты оқытып болған соң интернет, бейнепроекторлар, (бейне таспалар) DVD, CD дискілер арқылы Ахмет Байтұрсынов туралы түсірілген («Алаш алыптары». Деректі фильм. Ахмет Байтұрсынов («Қазақстан» ҰТА, 2012 ж. деректі фильм) т.б. сабақ үстінде слайд және бейнематериалдарды көрсетіп, аудиотаспаларды тыңдатып, баяндап түсіндіруге болады. Себебі бейнематериалдар көру – оқу мағлұматтарын көрнекілік тұрғысынан жеткілікті түсіндіруге мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл. Айқын көркем көріністер тіл үйренушілерге оқу материалының мазмұнын түсінікті қабылдауына және жете меңгеруіне ықпал етеді. Мұнда тіл үйренушілерге аудиотаспаларды тыңдатып қана қоймай, қандай да бір ақын-жазушының, өнер қайраткерінің өміріне немесе шығармашылығына байланысты түсірілген деректі фильмдерді, үзінділерді, қысқаша ғұмырбаяндық фильмдерді көрсетуге болады. Айтылған техникалық және аудиовизуалды құралдарды қолдану арқылы біз студенттің өтілген материал туралы білімін бекітуіне, соны толықтай түсінуіне, оқығаны туралы өзінің ойын қалыптастыруына септігін тигіземіз.

Басқа техникалық құралдарға қарағанда аудиовизуалды құралдар тіл меңгерушілердің қабылдау әрекетінде түрлі психикалық үдерістерге түрткі болып, материалға көңіл қою мен оны есте сақтауын арттырады. Тілді шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқытуда аудиовизуалды құралдарды пайдалану материалдың 60%-ының есте сақталып қалуына көмектеседі. Есту, көру және сезіну каналдары арқылы қабылданған мәліметтер ұзақ есте сақталады, – деп атап көрсетеді ғалым Г.Ә. Мұсаева [1, 87].

Қазіргі таңда А. Байтұрсынов шығармаларын сабақта жаңа технология арқылы икемдеп қолдану өте қолайлы. Ақын атындағы мәдени көрнекті орындар: өзі тұрған мұрайжай-үйі мен көше аты, ескерткіш, институт, және тағы басқасын студенттерге осы слайд арқылы көрсетіп түсіндірген дұрыс. Мәселен төменде көрсетілгендей:



А. Байтұрсынов туралы берілген барлық тақырыптар түсіндіріліп, меңгеріліп, оқытылып болған соң қайталау және қорытындылау мақсатында ғалымның өмірінің соңғы кездерінде тұрған, Алматы қаласының Ж. Жабаев пен А. Байтұрсынов көшелерінің қиылысында орналасқан мұражай-үйіне студенттермен саяхат сабағы өткізіліп, зерттеуші-ғалымның пайдаланған заттары, жазған оқулықтары, бұйрықтарымен таныстырылады.

Сөз соңында айтарымыз, бұл пәнді оқытудың тапжылмастай қатып қалған әдістемесі жоқ. Әр сабақ өзіне тән әдістемелік деңгейде жүргізілетіні бәрімізге белгілі. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша бір шығарманы қарастыруға болады. Сол мәтін шеңберінде арнайы жаңа сөздерді түсіндіріп, бірнеше жаттығулар жасап, студенттерге екеуара диалог құрастыру тапсырмасын беруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұсаева Г.Ә. Тілдерді оқыту үдерісінде сөйлеуді қабылдау мен тудыру // Тілдерді оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану / Этнолингвистикалық (жексенбілік) мектеп оқытушыларына арналған семинар-практикум материалдары. – Алматы, 2010. – 142 с.

2. http://kk.wikipedia.org/wiki/Ахмет_Байтұрсынұлы.